

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Щучинск аудандық пайдалану бөлімі" мемлекеттік мекемесін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 қазандағы N 1045 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 10 наурыздағы N 298-11 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Арнайы әскерлеріне арналған штат санының лимиті шегінде 12 бірлік штат санымен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Щучинск аудандық пайдалану бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - мемлекеттік мекеме) құрылсын.

2. Мемлекеттік мекемені қаржыландыру әкімшісі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі болып табылатын бағдарламалар бойынша республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) мемлекеттік мекеменің жарғысын бекітсін және әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.06.2014 № 707 қаулысымен.**

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі